

9 маусым
Сейсенбі,
2026 жылuil-gazet@mail.ru
Kokjar_tynysyГазет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

АУЫЛ МҰҒАЛІМІ ЕРСАЙЫН АҚҚОШҚАРОВ – «ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» МЕДАЛЫНЫҢ ИЕГЕРІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ЕЛІМІЗДІҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ДАМУЫҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ, КӨП ЖЫЛҒЫ АДАЛ ЕҢБЕГІ МЕН КӘСІБИ ЖЕТІСТІКТЕРІ ҮШІН ӨҢІРДІҢ ТӨРТ ПЕДАГОГ ОРДЕН-МЕДАЛЬДАРМЕН МАРАПАТТАЛДЫ. ЖОҒАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРДЫ ҰСТАЗДАРҒА ПРЕЗИДЕНТТІҢ АТЫНАН ОБЛЫС ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ ТАБЫСТАДЫ.



Салтанатты марапаттау рәсімі облыс әкімдігінде өтті. Асхат Шахаров педагогтерді жоғары мемлекеттік марапаттарымен құттықтап, білім беру жүйесін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті. Білім беру саласына сіңірген елеулі еңбегі мен ел алдындағы қызметі үшін Өл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиясының мұғалімі Маржан Естөре мен М. Құрманғалиева атындағы №32 гимназияның мұғалімі Ботагөз Омарова «Құрмет» ордендерімен наградталды. Ал «Ерен еңбегі үшін» медалі Ойыл ауданының Көсембай негізгі мектебінің мұғалімі Ер-

сайын Аққошқаров және дарынды ұлдарға арналған облыстық мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатының педагогі Айгүлім Батырғалиеваға табысталды. Өл-Фараби атындағы №21 мамандандырылған гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Маржан Естөре білім саласына ұзақ жылдар бойы еңбек сіңіріп келеді. Осы уақыт аралығында ол республикалық және халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері атанған көптеген дарынды шәкірт тәрбиеледі. Сонымен қатар педагог Қ. Жұбанов атындағы өңірлік универси-

тетте орыс тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінен дәріс беріп, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысады және әріптестеріне арналған оқыту семинарларын өткізеді. Былтыр ол білім беру саласындағы жетістіктері үшін Ыбырай Алтынсарин атындағы медальмен марапатталыпты. М. Құрманғалиева атындағы №32 гимназияның математика пәні мұғалімі Ботагөз Омарова мектепте 30 жылдан бері жұмыс істейді. Ол 5–10 сынып оқушыларына математикадан сабақ береді және бұл марапаттың өзі үшін айрықша маңызға ие екенін айтты. Ойыл ауданы Көсембай негіз-

гі мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ерсайын Аққошқаровтың білім беру жүйесінде еңбек етіп келе жатқанына - 42 жыл. Оның айтуынша, бүгінде мемлекеттік қолдаудың арқасында ауыл мектептеріндегі білім беру жағдайы едәуір жақсарған. 1997 жылы салынған Көсембай негізгі мектебінде бүгінде 60 оқушы білім алады. Білім ордасында 20 педагог қызмет етеді. Марапаттау рәсімі күн сайынғы адал еңбегі арқылы білім беру ісінің дамуына және жас ұрпақты тәрбиелеуге үлес қосып жүрген ұстаздардың еңбегіне көрсетілген құрмет пен жоғары бағалаудың айқын көрінісі болды.

РӘМІЗДЕР КҮНІ ТҮ КӨТЕРІЛІП, ӘНҰРАН ШЫРҚАЛДЫ

ЕГЕМЕНДІ ЕЛДІГІМІЗДІҢ БЕЛГІСІ РЕТІНДЕ БЕКІТІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК ТҮ, ЕЛТАҢБА ЖӘНЕ ӨНҰРАНЫМЫЗ БҮГІНДЕ ХАЛҚЫМЫЗ ҮШІН АСА ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҚ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. 1992 ЖЫЛДЫҢ 4 МАУСЫМЫНДА БЕКІТІЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІМІЗ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ БАСТЫ НЫШАНЫ БОЛЫП ҚАЛА БЕРМЕКІ



4 маусым - Мемлекеттік Рәміздер күні "Тәуелсіздіктің 20 жылдығы" атындағы орталық саябақта Мемлекеттік Ту көтеру рәсімі өтті. Аталған шараға аудан орталығындағы мемлекеттік мекемелер мен білім беру ұйымдарының басшылары ұжымдарымен, жастар, т.б. аудан тұрғындары қатынасып, бір мезетте Мемлекеттік Әнұранын орындады.

Шараға қатынасқан аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлеймен мерекелік құттықтау сөз сөйлеп, Мемлекеттік Рәміздер – Тәуелсіз Қазақстанның егемендігі мен ұлттық бірегейлігін айқындайтын басты құндылықтар екенін атап өтті. Шара соңында аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының патриоттық әндері шырқалды.

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АЯСЫНДАҒЫ «ТАЗА БЕЙСЕНБІЛІК» – ТУҒАН ЖЕР ТАЗАЛЫҒЫНА ОРТАҚ ҮЛЕС! ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОРТАЛЫҒЫНДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҚЦИЯСЫ АЯСЫНДА КЕЗЕКТІ «ТАЗА БЕЙСЕНБІЛІК» ТАЗАЛЫҚ ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Игі бастамаға «AMANAT» партиясы Ойыл аудандық филиалының «Көкжар-көруен» бастауыш партия ұйымының мүшелері белсенді қатысып, Ойыл ауылының кіреберісі мен батыс бөлігіндегі қоқыс полигоны маңын тазалады. Тазалық жұмысына 30 партия мүшесі жұмылдырылып, нәтижесінде 5 тоннаға жуық қоқыс арнайы белгіленген орынға

шығарылды. Туған жердің тазалығы — баршамызға ортақ жауапкершілік. Осындай экологиялық шаралар қоршаған ортаны қорғауға, елді мекеннің көркеюіне және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға зор үлес қосады. Табиғатты таза сақтау — келер ұрпаққа жасалған қамқорлық!

ОЙЫЛ ӨНЕРПАЗДАРЫ ТАҒЫ ДА ТОП ЖАРДЫ

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН «ҚЫЗҒАЛДАҚТАР ӨЛЕМІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫ ОЙЫЛ БАЛАЛАР МУЗИКА МЕКТЕБІНІҢ ӨНЕРЛІ ӨРЕНДЕРІ ҮШІН ҮЛКЕН ЖЕҢІСПЕН АЯҚТАЛДЫ. ӨН МЕН БИДІ СЕРІК ЕТКЕН ЖАС ТАЛАНТТАР ӨЗ ӨНЕРЛЕРІН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ КӨРСЕТІП, ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ ЗОР ҚОШЕМЕТІНЕ ИЕ БОЛДЫ.



Байқауда мектептің «Алақай» балалар хорының жоғары және кіші топтары ерекше өнер көрсетіп, ең жоғары марапат – Бас жүлдені жеңіп алды. Өсем әуезді әндерімен көрермендердің көңілінен шыққан хор мүшелері өздерінің шығармашылық өлеуеті мен орындаушылық шеберлігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Бұл жеңістің артында үлкен еңбек пен кәсіби дайындық жатыр. Ұжым жетекшісі Ұлпан Сапарованың табанды еңбегі мен шәкірттерге деген қамқорлығы өз нәтижесін беріп, жас өнерпаздар биік белестен көрінді. Байқау қорытындысы бойынша «Алақай» балалар хорына Орал, Алматы және Ақтау қалаларында өтетін

шығармашылық байқауларға жолдамалар табысталды. Өнер додасында Ойыл балалар музыка мектебінің үлгілі «Маржан» би ансамблі де тамаша жетістікке қол жеткізді. Ансамбль жетекшісі Аппагүл Ержанова дайындаған екі топ пен Ақжайнақ Талғатқызы жетекшілік ететін үш топ сахнаға төрт биді ұсынып, көрермендер мен қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Нәтижесінде ансамбль Бас жүлде мен I орын иеленді. Сонымен қатар Ақжайнақ Талғатқызы жетекшілік ететін топ орындаған қазақ биі ерекше бағаланып, «Үздік би» номинациясымен марапатталды. Бас жүлде иегерлеріне келесі республикалық байқауға жолдама берілді. Бұл жетістіктер – өнерге деген сүйіспеншіліктің, ұстаздар еңбегінің және жас таланттардың табанды ізденісінің жемісі. Ойылдық өнерпаздардың жеңісі – аудан мәдениетінің мерейін өсіріп, келешек ұрпаққа үлгі болатын жарқын жетістік.

Г.АБАЙҚЫЗЫ.

ӨНЕР ӨРІНЕ САМҒАҒАН ОЙЫЛДЫҚ ӨРЕНДЕР

ШЫМКЕНТ ШАҒАРЫНДА «STAR WAY» ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКЕН «ҚЫЗҒАЛДАҚТАР ӨЛЕМІ – 2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУЫ ОЙЫЛ ӨҢІРІНІҢ ӨНЕРПАЗДАРЫНЫҢ ҚАНЖЫҒАСЫН КЕЗЕКТІ ЖЕҢІСПЕН МАЙЛАДЫ.

Ұлттық өнердің мәртебесін асқақтатып, туған өлкенің абыройын республика деңгейінде танытқан аудандық мәдениет үйінің өнер ұжымдары жүлделі I орындарды иеленіп, ел мерейін үстем етті. Байқауда Ойыл аудандық мәдениет үйінің Құрал Қанатұлы жетекшілік ететін «Өлке сазы» фольклорлық ансамблі жоғары деңгейдегі орындаушылық шеберлігімен ерекшеленіп, қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Күй құдіретін ұлықтап, қазақтың қасиетті домбырасынан төгілген сырлы әуенмен көрерменнің көңілін баураған өнерпаздар жүлделі I орынды қанжығаларына байлады. Бұл – ұлттық мұраны дәріптеп жүрген жас таланттардың тынымсыз еңбегі мен өнерге деген адалдығының жемісі. Сондай-ақ байқауда Үлгілі «Өсем» би ансамблі де жарқын өнерімен көзге түсіп, үздіктер қатарынан көрінді. Мың бұрала билеген бишілердің сахна мәдениеті, орындау шеберлігі мен көр-



кем бейнесі көрермендер мен қазылар алқасының ерекше ықыласына бөленіп, ансамбль жүлделі I орынға лайық деп танылды. Өнер додасына қатысушыларды жоғары деңгейде дайындап, шығармашылық табысқа жетелеген ансамбль жетекшісі Айкерім Мұратқызының еңбегі ерекше құрметке лайық. Оның кәсіби біліктілігі мен шәкірт тәрбиелеудегі қажырлы еңбегі ұжымның биік белестерді бағындыруына жол ашып келеді. Жеңімпаз

ұжымдарға Ақтау, Орал және Алматы қалаларында өтетін шығармашылық байқауларға жолдамалар табысталды. Бұл – ойылдық өнерпаздардың алдағы уақытта да республикалық деңгейде аудан абыройын асқақтатып, жаңа жетістіктерге жетуіне берілген үлкен мүмкіндік. Өнер көгінде қанат қаққан талантты жастарымызға шығармашылық шабыт, толағай табыс пен жаңа жеңістер тілейміз!

Өз тілшіміз.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Өрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2026 жылдың 9 маусымынан бастап 24 маусымына дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;
- 2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;
- 3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;
- 4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мермен расталуы және орындалған күні, орындалушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындаушы туралы белгіні қамтуы тиіс.

Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2026 жылдың 24 маусымына дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 09:00 ден 18:30-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12.30-дан 14:00-ге дейін.

Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-705-918-28-96 электрондық пошта: maslihat.uil@mail.ru

ИНФОРМАЦИЯ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА О ПРОВЕДЕНИИ ВЫБОРОВ

Уилский районный маслихат в соответствии с пунктом 3 статьи 10 Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» объявляет о начале избирательного процесса на вакантные места, выбывшие из членов участковых избирательных комиссий.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуры, не являющиеся членами данной политической партии.

В случае отсутствия представлений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по представлению иных общественных объединений и вышестоящей избирательной комиссии.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящая, по отношению к формируемой, избирательная комиссия начиная с 9 июня по 24 июня 2026 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательной комиссии по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующей избирательной комиссии;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного Закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан». Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии. В соответствии с пунктом 2 статьи 23 Конституционного закона о выборах, более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга). Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием представлений по составу избирательных комиссий осуществляется до 24 июня 2026 года с понедельника по пятницу с 09:00 до 18:30 часов, перерыв с 12:30 до 14:00 часов.

Уилский районный маслихат, Местонахождение маслихата: Уилский район, село Уил, ул. Курмангазина 43.

Ответственное лицо – Дусипова Гулнур Тлеугалиевна, междугородный телефонный код (871332), номер служебного телефона 2-13-70, 2-11-78 мобильный телефон: 8705-918-28-96, электронная почта: maslihat.uil@mail.ru

ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ – САПАПЫ ЖҰМЫСҚА СЕП БОЛАДЫ

ЖУЫРДА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАФАСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИН МЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ ЕРКІН ЖИЕНАЛИН АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫНА ДЕПУТАТТЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗДІ.

Алдымен «Ойыл- Қараой» аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстары қаралды. Аталған жоба «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасына енгізілген маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады. Мердігер «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-ті жүзеге асырып жүрген жобадан 15-30 шақырым аралығында 15 шақырым жол негізіне қиыршық тас төселіп, 4 су өткізу құбыры жөнделген.

Қазіргі таңда асфальт жамылғысын төсеу кезеңі басталуда.

Ал 30-45 шақырым аралығында 15 шақырым асфальт жамылғысы төселіп, 3 су өткізу құбыры жөндеуден өткізілген. Бұл учаскедегі құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Бұдан соң депутаттар «Шұбарши-Атырау облысының шекарасы» автожолындағы көпір құрылысының жай-күйімен танысты. Мердігер «Lider Invest Group» ЖШС-і тарапынан жүзеге асырылған көпір құрылысы толық

аяқталып, нысан пайдалануға қабылдау кезеңіне өткен.

Сондай-ақ «Шұбарши ауылынан Атырау облысының шекарасына» дейінгі «IV санатты жаңа автомобиль жолының құрылысы» жобасының орындалуы барысы қаралды. Жобаны «Қазақ жолы 2050» ЖШС-і жүзеге асыруда.

Қазіргі таңда 17,5 шақырым жол негізі көтеріліп, 5 су өткізу құбыры салынған. Сонымен қатар «Қаракемер-Ақшатау» автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстарының барысы зерделенді. Бұл нысанда «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-гі 4 су өткізу құбырын салып, жұмыстарды жалғастыруда.

Депутаттық бақылау барысында нысандардағы құрылыс жұмыстарының сапасы мен мерзімінде орындалуы назарға алынды. 3 маусым күні аудандық жастар ресурстық орталығында Ойыл аудандық мәслихатының депутаттары сайлаушылармен тығыз байланысты нығайту бағытында жас мәслихат депутаттарының құрамын жасақтау мақсатында жастармен кездесу өткізді.

«БІРТҮТАС ЕЛ - БІРТҮТАС ЖЕР»

ӨСКЕРИ ТЕРГЕУ ОРГАНДАРЫ – ӨСКЕРИ САЛАДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӨРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМАРДЫҢ БІРІ.

Бұл органдардың негізгі мақсаты – өскери қызметшілер арасында құқық бұзушылықтардың алдын алу, қылмыстық істерді тергеу және өскери тәртіпті нығайту.

Қазіргі таңда өскери сала мемлекет қауіпсіздігінің басты тіректерінің бірі болып саналады.

Сондықтан Қарулы Күштер қатарындағы заңдылықтың сақталуы ерекше маңызға ие. Өскери тергеу органдары осы бағытта қызмет атқарып, өскери бөлімдерде орын алған құқық бұзушылықтар мен қылмыстық әрекеттерді анықтап, заң аясында тиісті шаралар қабылдайды.

Өскери тергеу органдарының қызметі тек қылмысты ашумен ғана шектелмейді. Сонымен қатар олар өскери қызметшілер арасында профилактикалық жұмыстар жүргізіп, құқықтық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосады. Өскери бөлімдерде өткізілетін түсіндіру сабақтары, құқықтық дәрістер және тәрбиелік іс-шаралар өскери қызметшілердің заң талаптарын құрметтеуіне ықпал етеді. Өскери тергеу саласының қызметкерлері жоғары жауапкершілік пен кәсіби дайындықты талап ететін қызмет атқарады.

Олар өскери жарғыларды, қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамаларды жетік меңгеріп, кез келген жағдайда әділ шешім қабылдай білуі тиіс.

Себебі өскери тәртіп пен заңдылықтың сақталуы мемлекеттің қорғаныс қабілетіне тікелей әсер етеді.

Соңғы жылдары өскери ортада құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстар күшейтілуде.

Әсіресе өскери тәртіпті сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударылып келеді.

Бұл бағыттағы жұмыстар өскери ұжымдағы тұрақтылықты сақтауға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, өскери тергеу органдары – заң мен тәртіптің сақталуын қамтамасыз ететін маңызды құрылым. Олардың қызметі өскери қауіпсіздікті нығайтып қана қоймай, қоғамдағы тұрақтылық пен әділеттілікті қамтамасыз етуге де үлкен үлес қосады.

Айдос ХАЙЫРБАЙ,
Батыс өңірлік Өскери тергеу басқармасы Ақтөбе бөлімінің тергеушісі әділет капитаны.

АЙМАҚТАРДА «ҚҰҚЫҚ КАБИНЕТИ» ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

1. Кабинеттің қазіргі жұмыс барысы туралы айта өтсеңіз (қашан ашылды, қанша маман бар, олар оқытылды ма?)

Жауап: Халықтың құқықтық ақпаратқа қолжетімділігін арттыру мақсатында аумақтық әділет органдары мен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен жұмысы нәтижесінде 2024 жылдың бірінші тоқсанынан бастап еліміздің шалғай ауылдық аудандарында «Құқық кабинеттері» кезең-кезеңімен іске қосыла бастады.

«Құқық кабинеті» – азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған маңызды бастама. Жобаның басты мақсаты – тұрғындарды құқықтық мәселелер бойынша маманның көмегіне-ісіз-ақ өздігінен ізденуге, заңнаманы түсініп, оны күнделікті өмірде қолдана білуге ынталандыру.

Бүгінгі таңда республика көлемінде 2000-ға жуық құқық кабинеті табысты жұмыс істеуде. Бұл кабинеттер Egov өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарының базасында құрылған. Олар аудандық және ауылдық әкімдіктердің ғимараттарында, мәдениет үйлерінде, бос уақыт өткізу орталықтарында және өзге де қоғамдық орындарда орналастырылған. Өрбір кабинет қажетті заманауи техникамен – компьютерлермен, принтерлермен, веб-камералармен жабдықталған және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне, «Заң» дерекқорына, «Ашық НҚА» порталына, egov, e-Отinish және басқа да ресурстарға толық қолжетімділікпен қамтамасыз етілген.

Жауап: Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 50 мыңнан астам азамат «Құқық кабинетінің» қызметін пайдаланған. Бұл кабинет өзіне-өзі қызмет көрсетуге бағытталған. 3. Құқық кабинетіне келушілердің басым бөлігі қандай мәселелермен жүгінеді (мүмкін болса тіпті сөйлеп шықсаңыз)?

Жауап: Жоғарыда атап өткендей, бұл формат тұрғындардың өздігінен ақпарат іздеуі мен құқықтық дереккөздермен жұмыс істеуін көздейді. 4. Бұл құқықтық кабинет базасында тұрғындарды қаржылық, құқықтық сауатқа оқыту немесе қандай да бір дәріс ұйымдастырылады ма?

Жауап: «Құқық кабинетін» пайдалану әдісі бойынша жобаның іске қосылған сәтіннен бастап тұрақты түрде семинарлар өткізіліп келеді. Бұдан басқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қаржылық сауаттылық сынды өзекті тақырыптар бойынша да тұрақты негізде түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

ҚР Әділет министрлігі Конституциялық заңнама және мемлекеттік басқару департаменті

САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының атауы	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№ 389 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 397 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 401 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 405 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 412 учаскелік сайлау комиссиясы	1
№ 569 учаскелік сайлау комиссиясы	1

ВАКАНСИИ ПО ИЗБИРАТЕЛЬНЫМ КОМИССИЯМ:

Наименование участковой избирательной комиссии	Число вакантных мест
Участковая избирательная комиссия № 389	1
Участковая избирательная комиссия № 397	1
Участковая избирательная комиссия № 401	1
Участковая избирательная комиссия № 405	1
Участковая избирательная комиссия № 412	1
Участковая избирательная комиссия № 569	1

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУ: ДЕПУТАТТАРДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ

ДЕПУТАТ – ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРҚАЛАЙТЫН, ҚАРАПАЙЫМ ЖҰРТШЫЛЫҚТЫҢ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСЫП, ХАЛЫҚ ТАҢДАП, САЙЛАҒАН СЕΝІМДІ ӨКІЛ. ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ ЖЕРГІЛІКТІ ЖЕРЛЕРДЕГІ ХАЛЫҚТЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНЕН ХАБАРДАР ЖӨНЕ ЕЛМЕН ЕТЕНЕ ЖАҚЫН БОЛУ МАҚСАТЫНДА БІРҚАТАР ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЛАРДЫ ЖҮРГІЗІП КЕЛЕДІ. ЖЫЛ ӨТКЕН САЙЫН ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЛАРҒА ӨТІНІШІН АЙТЫП, КӨМЕК СҰРАП КЕЛЕТІНДЕР САНЫ АРТУДА.

Ойыл аудандық мәслихат депутаттары тұрақты түрде қоғамдық қабылдаулар өткізіп отырады. Депутаттар өздерінің бекітілген сайлау округтерінде қоғамдық қабылдауларын өткізуі туралы аудандық мәслихаттың әлеуметтік желілері мен өздерінің әлеуметтік желідегі парақшаларында жариялайды.

Сол бекітілген кестеге сәйкес, 2026 жылдың басынан бері депутаттардың қоғамдық қабылдауларында 203 сайлаушы өз өтініштерін жеткізді. Өтініштердің 108-і (53,2%) тиісті мекемелерге жолданып қанағаттандырылса, 95-іне (46,8%) бойынша қолданыстағы заңнамаға сәйкес түсініктемелер берілді. Сайлаушыларды қабылдауларда көбіне толғандырып жүрген ауданаралық жол мәселелері, тұрғын үй, жұмыспен қамту, елді мекендерді газдандыру, жарықтандыру т.б. мәселелері көтеріледі.

Оның ішінде төмендегі мәселелерді атап өтуге болады: ауданаралық жол бойынша - 19, абаттандыру - 10, жер туралы - 9, тұрғын үй бойынша - 54, жұмыспен қамту - 46, газдандыру - 7, құрылыс саласы - 10, жарықтандыру - 3, әлеуметтік мәселе - 21 және 24 өзге де мәселелер қаралды. Осы орайда мәслихат депутаттарының халықпен етене араласуының арқасында көптеген мәселелердің

қабылдаулардың нәтижесінде лайықты шешімін тауып жатқаны қуантады. Өйткені, қашан да барлық сала өз ісін тиісті түрде жолға қойып, өзекті мәселені шешуде жұдырықтай жұмылып, бірге әрекет етсе, шешілмейтін мәселе, алынбайтын қамал болмайтыны белгілі.

Қоғамдық қабылдаудың негізгі міндеті – жергілікті жерлердегі азаматтарды толғандыратын аса маңызды проблемаларды айқындау, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді бағалау.

Қабылдау жұмыстарына депутаттармен қатар мемлекеттік органдар өкілдері де қатысады. Өтініштердің негізгі бөлігі тұрғын үй мен жұмыспен қамтамасыз ету, материалдық көмек сияқты көкейкесті мәселелер құрайды. Азаматтардың қордаланған проблемалық мәселелерін шешуге бір адамдай атсалысуымыз қажет. Арыз-шағымдардың артында қилы тағдыр тұратыны белгілі. Алайда, арыз-шағымдардың шешілу жолдары заңдылықтар шеңберінде ғана жүргізіледі және олар атқарушы органдардың қузыреттілігіне жатады.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңында аудандық мәслихатқа қандай да болмасын мәселені тікелей шешу қоғамдық қабылдау

депутаттардың басым бағыттауларының бірі қузыреттілігі берілмеген. Бірақ, осы Заңда аудандық мәслихатпен өз қузыретінде қабылданған актілері сол аумақтық құрылым бірліктерінде орындалуы міндетті делінген. Сондықтан, қоғамдық қабылдауларда сайлаушылардан аудандық немесе қандай да бір елді-мекеннің тыныс-тіршілігіне байланысты өзекті өтініштер, соның ішінде ұжымдық өтініштер түсетін болса, оларды заңды түрде жүзеге асыруға аудандық мәслихатқа құқық берілген.

Мәслихаттың негізгі жұмыс қағидасы – оның ашықтығында. Осы ретте аудандық мәслихат депутаттары сайлаушылармен тұрақты байланыста болып белгілі бір мәселемен келген сайлаушыларға және әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қайырымдылық, демеушілік көмек көрсетіп келеді. Бұл депутаттардың депутаттық ғана емес азаматтық, адамгершілік міндеті деп есептейміз.

Аудандық мәслихат депутаттары тарапынан қоғамдық қабылдауда болған сайлаушылардан түскен ұсыныс-пікірлері негізге алынып, соның нәтижесінде құзырлы органдарға 4 депутаттық сауал жолданды. Депутаттық сауалдардың бірде-бірі назардан тыс қалған жоқ. Сайлаушылардың талап-тілектерін ескере

отырып, аудандық мәслихат депутаттары тарапынан жергілікті атқарушы органдар назарына берілген ұсыныстардың облыс, аудан әкімдігінің қолдауымен басым бөлігі шешімін тауып келеді. Нақтырақ айтар болсақ, 4 депутаттық сауалдың 2-уі толық орындалса, 2 сауал орындалу сатысында.

Сонымен қатар депутаттар қабылдау барысындағы әрбір мәселеге жеке тоқталып, өз өкілеттіліктеріне сәйкес тұрғындардың өтініштерін шешу мақсатында облыс көлемінде көтеру үшін облыстық мәслихат депутаттарына ұсыныс хат жолдап отырады. Ұсыныс хат негізінде кейбір шешімін таппай отырған мәселелер (жол инфрақұрылымы, елді мекендерді газдандыру, тұрғын үй т.б.) бойынша қарала-тын қаржыларды алдағы жылдың жоспарына енгізіп, шешімін табуға жұмыстанып ықпал етіп келеді. Қоғам мен билік арасындағы ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнату – кез келген мемлекеттің басты саясаты. Осы тұрғыда азаматтарды жеке қабылдау – мемлекеттік органдар мен тұрғындар арасындағы тікелей және шынайы диалог орнатудың маңызды құралы екені есепке алынып келеді.

Ботақөз АҚБАНОВА,
Ойыл аудандық мәслихаты аппаратының бас маманы.

КАУСЫЛХАН КАСЫМХАНҰЛЫ

Ең қымбатты адал достық адамға, Айырылғанда қатты батар жас жанға.

Достарымен қол ұстасқан мәңгіге, Адам қандай армансыз бұл жалғанда....

Аяқ астынан осы ән ойыма орала кетті. Қай кезде, қай жерде жаттап алғаным анық есімде жоқ. Домбыраның шаңағынан күмбірлі күй төге алмасам да, бірер ауыз ән салатын әдетім бар-ды. Екі ішекке ерік беріп, еміреніп әндете жөнелдім. Ойланып та отырмын. Көз алдыма ақ шылауышын жамылып, сәл шегіне, бір тізерлеп, әнтек шалқая отырған таудың бөктерінде өткен бал балалық шағым көлбеңдеп тұра қалды. Сағым дүние қуып сандалып жүрген санам сәтке болса да саябырлай қалғанымен, тоқтай қалмады. Сонау қыыр шалғайға, басқа бір саф дүниеге, тәтті елеске құшағын жая жүгіріп бара жаты....

Ол басқа қыстақтікі. Ұзын кірпікті шаралы мөл-мөлдір көздері жәудіреп кеп жүретін. Орталық ес тоқтатқан ұлдары кезек-кезек біздің сыныпқа келіп, орайын тауып оған тіл қатып жүргенін көреміз. Ол түйеде менің жүгім жоқ. Мұғалімдердің мақтауына марсып, сабағыммен ғана боламын. Бала бізді қойғанда, ол кездегі адамдарың ер мен әйел жақындаса қалса немесе бірер рет бірге жүрсе дәл бұл күндегідей күмәнға тізгін ұстатып, соның сырын білуге асық болатын тікенді идеядан недәуір аулақ, аңқылдақ кезі. Ойлап тұрсаң кейде, бағыттан тұман, адалдықтан күмән адастырады екен-ау.

Түскі демалысқа шыққанда мектептің ер жағындағы Көктекшеге барып, асқа отырамыз. Түскі асымыз әрине жайлаудағы үйден әкелген суы мен алақандай нан ғана. Тастың қуысына тығып қойған айранымды алуға бардым. Қақпағын мылқытта киіп, ішіне айраннан жиек бедерлі із қалған құмырам құдды мені күтіп тұрғандай-ақ, қолымды соза бергенде өзіме қарай қисая берді.

—Үлкен сыныптың балалары сондай оңбаған. Аралық гимнастикаға шыққанда елдің айранын ішіп алады. Әкел, айранымның жартысын құйып берейін,—деді ол өзәнінің суық суымен тұтқыр наңды өңештен ары қарай демеп отырғанымызды көріп. Қандай ұялшақ, момақан едік деши. Қыздарға бірдеме айтуға ерніміздің із қалмайтын ғой. Бетім ду етіп, желкеміз көлден шығарып астауға тастай салған шабақтай тұлап ала жөнелді. Сырғақтай қалдым.

—Бо...бо...болды, рақымет, өзіңе жетпей қалар.

Ол қоярда-қоймай құмырамдағы суды төгіп, айранының жартысын құйып берді. Сол күнгі айранның дәмі әйтеуі өзгеше сезілгені әлі күнге есімде. Мүмкін олардың үйінің сүті біздің үйдің сүтіне ұқсаятынын да шығар.

—Құмыраңның сыртына бір қыздың атын жазып, менің айранымның жанына қоюың керек, қыздардың айранына тиіспейді,—деп жымиды ол боқшасынан «Қазақ киссаларын» алып жатып,—мектепке келген соң айраныңды маған берсең болды.

Түстен кейін қайсы қыздың атын жазсам болар екен деп ойланумен болды. Қалай ойлансам да, желіп жүрген ойым мені сол есімге қарай алып қаша берді.

Кешке үйге келген соң тілдей қағазға «Мөлдір» деп жазып, ұннан жасаған желіммен құмырама жапсырып жатқамын. —Мұның не деді?—шешем таңғалды.

—Айранымды біреу ішіп кетіпті. —Жүгірмектердің сені сусынсыз қалтырғанын қарашы. Аш қалсаң қал, елдің ырыздығына соқтықпай жүр! Сонда бұлай істегеніңнің мәнісі не?

—Қыз балалардың айранына тиіспейді. Өстіп жазып қойсам, ұлдар Мөлдірдің айраны екен деп қалады.

—Айналайын ақылыңнан,—шешем басымды сипады. «Рас

ТӨРТҚҰЛАҚ

(Әңгіме)

ақылды екен» дедім іштей. Бал айранымыздың бір қуыста тұруы ол екеуімізді жақындата түсті. Түскі аста үнемі біргеміз. Кітап алмастырып оқитын, тамаша ой ортақтасатын болдық. Кей біреулердің ойлағанындай думанды қаладан қыыр шалғайда, тау қойнауында отырған «жабайы» малшы дегеніңмен, тұтас ауылдағы қай үйдің әке-шешесі бастауыш бітіргенше баласын оқудан қалдырып көрген емес. «Сабағыңнан қалма, оқы» деп тепектеп кузап кеп отырады. Өте ерекше жағдай болмаса, орта жолда оқудан шегінген бала болған емес. Мектепке баратын жолда ойнап жүргенімізді көрген қай-қайсы ересек адамдар айғайды салып:«Әй, жүгірмектер, мектепке кешікпей барыңдар, сен әлгі пәленшенің баласысың-ғой, әке-шешеніңе айтып барамын»,—дейтін. Ұрпағын оқытуға құлықты, білім алуға мән беретін таулықтарды қаладағылардың неге жабайы деп санайтынына таңмын. Мүмкін, олар адамның құнын сыртын жылтыратып ораған кезедемемен өлшейтін де шығар....Көз жұлғанда Хан демей, қара демей бәріміздің бірдей екі метр ақ сәлдебоза оралатанымызды естен шығарған-ау солар....

Мүмкін, кей нәрсе аз болса ғана адамға қадірлі болатын да шығар. Ол кезде қазіргідей қаптаған қалың кітап мүлде жоқ қой. Көп санды бала кітап оқуға құмар. Талай қолдан өтіп қолымызға тиген тозығы жетіп киіз болуға шақ қалған кітапты құныға оқимыз-ау шіркін. Түсіп қалған немесе жыртылып жартысы қалған беттеріндегі оқиғаларды сол кітапты оқыды-ау деген балаларды іздеп барып сұрап біліп аламыз. Елдің күресінінде шеті шығып жатқан қағазды көрсек, соны түріткілеп жүріп ептеп шығарып алып оқушы едік. Бір қызығы, кейде күресінінен «Алтыннан ардақты, күмістен салмақты, сүттен ақ, судан тұнық» деп басталатын, жігіттердің бойжеткендерге жазған жалынышты хаттары да шығып қалатын. Керек болар деген оймен ондағы нәрлі, тапқақты сөздерді жаттап та аламыз. Бойжеткендерге өзіміз жеткізіп берген, ағаларымыз жазған хаттардың да аман-сәлемі осындай бір сыдырғы болып келетін әйтеуі. Кейін біз де солай жаздық та.

Ол кейде қисса, дастанды маған оқытып, өзі елжірей отырып тыңдайды. Аянышты жеріне келгенде көзінен домалай жөнелген мөлдір тамшыларды да көріп қаламын. —Әйтеуі жылауыңпын, бұл өмірден көз жасым құрғамай өтеме кім білсін,—дейтін көз жасын ұяла сүртіп жатып,—дауысың тамаша, оқуың мәнөерлі. «Муңлық-Зарлық», «Қыз Жібек-Төлеген», «Қозы көрпеш-Баян сұлу» сынды киссаларды майын тамызса әңгімелеп беретің.

—Жәудір көзге мөлдір тамшы жарасады екен,—деймін,—тас бұлақтан шыққан зәмзәмдай. Етім үйреніп, батылдық біткен кез. Байқаймын, сөзім де еркін, әрекетім де желкесінен сүйреген бұзаудай тартыншақ емес.

Көп сырласамыз. —Бұл сөзді қайсы кітаптан оқыдың?

—Өз жасампаздығым. Мұндай сөзді менің ауызыма қыймай тұрсың ба?— оған кулана қарардым.

—Зерексің. Көзің отты. Әйтеуі бір жерден шығарарың анық. Көзінен ғажап бір ұшқын жылт етті де, басын бұрып өкетті. Бір түзудің бойында түйлілсуге бейім жасап қарама-қарсы оқтай атылған екі сәулелі бір-бірінің қасынан жанап өтті білем. Көз ұшындағы тауға қарадым. Оның көзі қиыс оң жағымдағы төбесі тазғырланып, екі самайына селеу қаптаған дөңде.

—Қандай адам болғың ке-

леді?—деп сұрайтын. —Әрине, жақсы адам. —«Тәрбие – тал бесіктен» дейді екен, жақсы ата-ананың өнегелі тәрбиесін алған сенің жақсы адам боларың даусыз. Қандай қызмет істегің келеді дегенім?

—Сақшы не ұшқыш. Сен ше? —Шилагер болғым келеді. Өйткені, қар жастанып, мұз төсеніп, жарты өмірім мал соңында өткізген әкем аяғынан баса алмайды. Жаңағы жайнаң қағып отырған мөлдір жанарын сұп-суық сұрғылттанған шарбы мұң қаптай қойды.

—Жазылып кетер жақсы күтінсе. Аюдың майы буын қабынуға ем дейді ғой,—дедім үлкендерден естігенімді айтып. —Жұрші, Ертай,—қолымнан тартты,—төртқұлақ іздеп келің.

Қарағайдың етегіндегі төпсеңге қияқ, екіқұлақ, шайшөп, райхангүл, ұшқұлақ шөп көп өсетін. Соған бардық. Одан сәл қайқайсаң, темір қашаның ішіндегі шалғын арасы тарыдай шашылып шыққан қой бұлдірген. Залалсыз жарыс өнімнің жағымды иісі анадайдан мұрыныча ұрылып, кеңірігінді қытықтайды.

Жоғарылап оқудан дәмелі балалар үнемі төртқұлақ шөп іздейтін. Аға-әпкелерімізден «төртқұлақ тауып алса, арманы жүзеге асады»,—дегенді де еститіңіз. Ол арт-артынан екі төртқұлақ тауып алды, ине қарағандай қарасам да маған ештеңе ілікпей мысым құрыды.

—Жанарың нұрлы болғанымен табаныңның астындағыны байқай алмайды екенсің, алаңғасарлау боларсың,—деп сөзін жаймашуақтады,—мүмкін алысқа көз тастайтын боларсың, арманың асқақ, жыраққа қанат қағарсың.

—Кім біледі, төртқұлақ таба алмаймын-ғой,—деп міңгірледім, —айтқаның келсін. Ойлаған арманыңа қалай да қол жеткізеді екенсің.

Ол екеуіміз талай рет төртқұлақ іздедік. Әйтеуі ғажап. Ол табады, мен таппаймын. «Ауызы күйген үріп ұрттайды», төртқұлақтың әңгімесін шықты болды қарадай қыңжылып, «іздейік» десе березеп болып, ат бойымды ала қашатын болдым. Төртқұлаққа байлап алған асқақ арманымың арқауы тарқатылып, үмітімнің үзіле бастағанын да ептеп сеземін. Зымырап күннен, аяндап айлар өтіп, жаздық демалысқа тарайтын уақыт та жетіп келді.

—Ертай, сау бол! Күзде ортауа оқымайтын болдым, үйге қарайласамын. Кездескенше аман тұр.

Алдың жарық болсын,—деп көзі мөлт-мөлт етіп бір қатирені ұсынды,—мынау саған берген естелігім. Қолымда бере қоярлық ештеңе жоқ, не дерімді білмей сипақтадым да қалдым. «Рахмет» дегенімше, жүгіре басып мектеп қақпасынан шығып кетті. Қызыл түсті қатиренен бірінші бетіне «Адал достық» деген әннің мәтінін жазып, қолтаңба қойып, екінші бетіне төртқұлақ қыстырып қойыпты.

Күзінде біздің үй басқа ауданға көшетін болды. Естелікке берейін деп арнаулы дайындаған екі түрлі сиясын алма-кезек істетуге болатын қалам мен артына суретімді қыстырған төртқұлақ пішіндес айнамды көршіміздің ұлы Ерсінге аманаттап, оған қолма-қол табыс етуді өтініп кете бардым.

Оның айтқанындай арманға қулаш ұрып, ауылдан Астанаға қанат қағып, университет оқып, қызметке тұрдым. Тандырдай ысыған қаланың аптабы мен у-шуынан қашып, сәуір алуаны аңсап, сахараға әр рет саяхаттай барған сайын төртқұлақ іздеп бағатынмын. Елті күнге дейін бір тал тапсам

бұйырмасын. Тынымсыз айланған уақыт доңғалағы шала көрген түс іспетті көбіктей көп елестің тоз-тозын шығарды. Бастауышты қойып, орталаудағы кластастардың көбі ұмыт болды. Бәлкім, жаңа ортаға, зымыран заманға, дамыған қоғамға бейімделемін деп алыстап жүрген шағымда, ми қуысыма толған сансыз ойлар бұрқ-сарқ қайнап, шәуігімнің ішіне тұрған қақ сияқты әуелгі таза қабатты қалтарысқа алып, қалыңдай түскен секілді. Жаңа дүниеге есіре құмар-тұрды көнені ұмыттыратын жері және бар....

Неше жылдың алды еді. Малшыларды отырықтандыру түйініндегі жаңа қоныс Сарқұм қыстағында тұратын нағашымның келін түсіру тойына бардым.

Ыстық буын мұрынынан шығарып, ырсылдай жеткен шәуігіммен іркес-тіркес құйылған шайдан қашып, жол жағасындағы ағаш арасына сөйілдеуге беттедім. Қазақтың неге осынша шайшөп екеніне миым бір жетпейді. Алатау ашаларынан келмей шай сораптап отырғанын көресің. Бір үйге бара қалып кезек құттырмайтін асығыс екенінді айтып тұрсаң да, шай іш деп қысайтынын қайтерсің. Ақ пейіл, қонақжайлықтан ғой....Біз осы уақытқа да жомартпыз....

—Ертай, тұра тұршы,—деді арт жағымнан бір әйел. Қалтырып тұра қалдым.

—Мені таныдың ба? Зер сала қарадым. Жәудіре-жанан жанар ғана таныс сияқты. Дәуде болса жамағайын бір жеңем болар деп тұспалдадым.

—Кешіріңіз, жыға тани алмай тұрмын. —Мен Мөлдірмін. —Қайсы Мөлдір? —Бастауыштағы кластасың. Танымайтын жеңің бар. Тұрмыстың жапасы жасыма жеткізбей ажарымды тонап, жастығымды ұрлап, еңсемді басып, қалтылдаған қара кемпір болдым,—деп күлді,— өкінерлігі, бірге айран ішкен сол күндерді ұмытқан екенсің.

—Өзгермепсің,—дедім сөз таппай арқасына ер батқан аттай қыжықтап. Бетім ду ете қалды. Кенет, айранның қышқылтым дәмі ауызыма келгендей болды. Мүмкін, осындай жағдайда адамның сілекейі ұятқа қарылып, қышқылдана қалатын да шығар....

—Сонда қалай, бұрын да осындай ма едім?

—Жо...жоқ, бұрын бұлай емесің әрине.

—Міне, Ертай, өз сөзің өзіңе қайшы. Көңіл үшін өтірік айтқаныңды сөздеріп алдың. Шыңғырған шындықты айта-тын адамдардың азайып бара жатқанына қайранмын, көбі өтірік сөз, жалған күлкі, мүлде-де байланған қырау сыйластық.

—Аптайтын таң, тозбайтын ажар жоқ шығар. Содан бері міне отыз неше жыл өтіпті. Бұрынғыдай өжет екенсің, табиғатың өзгермепті, мөлдір десе Мөлдірсің.

—Ер адам басқаға жасандылығы жоқ табиғатымен ұнайтын не жақпайтын шығар. Жылтырақ мінез әйелдердің жасанғаны сияқты нәрсе, қанша көлегейлесен де жуған соң әуелгі бейнесі айпаздай ашылады.

Адамдардың жасанды бейнесін уақыт жаңбыры шаймай қоймайды. Тума табиғатты сақтауға да батылдық пен адалдық керек. Қыр қазағы болған біздер жыл он екі ай табиғаттың төрт маусымын ана көрсек, қаладағы сендер адамдардың төрт маусымына әр күн дерлік жолығарсыңдар. Сондықтан, ойы қарапайым, талғама таяз, санасы жайдақ бізге қарағанда өтірікке пен жасандылыққа сен зиялылар көбірек барсыңдар.

Соны ойлап көрдің бе? —Әлі бұрынғыдай шешен екенсің, кітапты көп оқығаныңның пайдасы ғой,—сұрауын жауапсыз қалтырып, өп-өтірік күлімсіредім.

Қысқа амандықтан соң ұққанымы, жасы жиырмаға жетпей күйеуге тиіпті. Қазір осы өңірдегі бір қыстақта екен. Әке-шешесі талай жылдың алдында қайтыс болған.

—Екеуіміз қазір құда болдық. Нағашының түсірген келіні бізге жақын туыс, күйеу бала «пәлен қалада мықты ағайым бар»,—деп сенің атыңды көп айтатын. Тойға қалай да келетін шығар деп кешеден бері сені байқастап жүрдім, мынау,—деп қолыма бір дәптер ұстатты, кезінде сенен сұрап алған «Ана тілі» сабағының көніспегі еді, ал мынау өзің берген қалам мен айна.

—Неге қайтардың?

—Саған деген балалық сүйіспеншіліктің құрметі мен дәлелі ретінде қолдануға қимай сақтап келдім. Аяқтың астында иесіз қалса болмас. Өзіңе қайтардым. Көп ұзамай мен де алысқа кетермін, суретінді ала кетуге бекідім. Сөзің түгетіп, маған тұңғықтана сәл қарап тұрды. Кезінде сәуледен гөрі тұман басым. Салқын, самарқау, бозғылт жанар. Қол берді.

Алақаны сұп-суық. Еш тартынбай мойнымнан құшақтап, маңдайым маңдайыма тиізді. Көзіңнен аққан жас ерніме жетті. Қасіретке толған мұңлы жанардың жасы да тым кермек болдындай....Бұрын жүгіре басып мектеп қақпасынан шығып кетсе, бұл жолы жіті басып, үйге кіріп кетті. «Қайда барасың?» деген сұрау ауызымда, «Әйел жолда, бала белде деп жүре беретін біз еркектерге қарағанда әйелдер қауымы сүйіспеншілік пен сезімге берік болады-ау» деген тұңғық тұжырым ойымда жетім қалды. Қайтарған нәресіңдегі өзгеріс: айранның артындағы менің суретімнің орынына өз суретін қыстырған. Қолына төртқұлақ ұстап, өзіміз үнемі баратын төпсеңде маған күлімсірей қарап отыр.

Қандай сүйкімді еді. Нағашымның «құдалармен бірге отыр» дегеніне қарамай, ертеңгі жұмысымды көлденең тартып, кешке қарай қалаға қайттым. Көңілім астаң-кестең. Тым құлазулы. Аттай желіп арада екі жыл өтті. Бүгін, сол жолы келіншек алған нағашы бауырым ұрпақ сүйіп, тілеуге шақырған. Үй ішімізбен бардық. Өңгіме үстінде нағашы ағамнан Мөлдірді сұрап қалдым.

—Мөлдір бастауыштағы кластасың. Алдыңғы жолы тойда жолығып, «үй жаққа бар» деп еді, үйі жақын маңда ма? —Е, өмір-ай,—деп күрсінді нағашы ағам, бұлтсыз аспан, мұңсыз адам болмай-ауы деген. Тірлік болжаусыз, уақыт талғамсыз. «Тұтқиыл» мен «ертең»-нің қайсысының бұрын келетініне ешкімнің кезі жетпейді-ғой, өйтпегенде бәріміздің төрт тұрманымыз сай, үзегі бауымыз сегіз қабат болар еді. Бәрің құдыреті күшті бір Алла ғана біледі. Біз келін түсірген жылы күзде қайтыс болған.Қойныма жылан кіріп кеткендей тұла бойым суып сала берді.

—Науқастан ба, жоқ әлде ауылда көп туылатын көлік апаты сияқты бірдеңе ме?

—Жарықтық жастай кетті, артында төрт бірдей баласы қалды. Омырау қатерлі ісі-гі,—деп нағашы ағам қолыма ұялы телефонын ұстатты,—жарықтық термені керемет салушы еді, сол күні тойда мархұм Өсемхан Ғибадатқызының бірнеше термесін орындап құлақ құрышымызды қандырып, талайымызды жылатты. Мынау өзінің «Балалық сағыныш» деген термесі екен, көбіміз бейнеге түсіріп алдық. Керемет терме екен, көз алдымызға балалық шағымызды

толық елестетіп еді. Міне, өзің көріп шық.

Телефондағы бейнеге телміріп отырмын. Ғажайып сырлы әуен, ерекше суреттеу, шынайы сағыныш, ащы аңсау. Өзінің ерте есейгенін, балалық шаққа мезгілсіз қош айтқанын, балалық сүйіспеншілігін, өмірге құштарлығын терме мен екі ішекке толық нам аса өлшемді сыйғызған. Ғұмырына бал салып, болжам жасаған.

Қандай дәмді еді сол кезде ішкен айраным, Білмеймін қазір рухым қайда, қайдамын.

Төртқұлақ іздеп құрбыменен бір жүрген, Келмеске кетті-ау балалық шағым, қайран күн.

Бұдан ескен бала едім, еркін жүрген елік қыз.

Қатал тағдыр тартып алды-ау балалықты еріксіз. Көктем кетіп жанымнан, жаз да маған қош айтып, Кетпеу үшін келіп алған өміріме сары күз.

Қайран сол балалық, сырласатын бүкпесің еді, ал мынау өзің берген қалам мен айна.

—Неге қайтардың? —Саған деген балалық сүйіспеншіліктің құрметі мен дәлелі ретінде қолдануға қимай сақтап келдім.

Күдды бір кино көргендей, көз алдыма балалық шағымның көріністері көлбеңдеп жетіп келді. Көз жасым әлде неше рет тамып та кетті.

—Бала махаббатың есіңе түсіп кетті-ау деймін,—деп қалды қатыным қалжың-шыны аралас. Оған көзімнің ағын көрсетіп ғана қойдым.

Әйел адамға кей іс түсіндірген сайын күрделене беретіні бар. Өткен-кеткенге бет сипау үшін, түстен кейін ауылдың ер жағындағы өлілер мекеніне бардық.

Өмір мен өлімнің шекарасы, жан пендесінің соңғы баспанасы, ақырғы тиянағы болған төбешіктер мұнда келген тірілерге тірліктің қадірін сөздіріп, тілсіз үң қатады.

Саны бұрынғыдан недәуір мола-лаа түскен. Көдімігі бір ауыл. Өткен-кеткенге бет сипау үшін, түстен кейін ауылдың ер жағындағы өлілер мекеніне бардық.

Өмір мен өлімнің шекарасы, жан пендесінің соңғы баспанасы, ақырғы тиянағы болған төбешіктер мұнда келген тірілерге тірліктің қадірін сөздіріп, тілсіз үң қатады.

Саны бұрынғыдан недәуір мола-лаа түскен. Көдімігі бір ауыл. Өткен-кеткенге бет сипау үшін, түстен кейін ауылдың ер жағындағы өлілер мекеніне бардық.

Өмір мен өлімнің шекарасы, жан пендесінің соңғы баспанасы, ақырғы тиянағы болған төбешіктер мұнда келген тірілерге тірліктің қадірін сөздіріп, тілсіз үң қатады.

Саны бұрынғыдан недәуір мола-лаа түскен. Көдімігі бір ауыл. Өткен-кеткенге бет сипау үшін, түстен кейін ауылдың ер жағындағы өлілер мекеніне бардық.

Өмір мен өлімнің шекарасы, жан пендесінің соңғы баспанасы, ақырғы тиянағы болған төбешіктер мұнда келген тірілерге тірліктің қадірін сөздіріп, тілсіз үң қатады.

Саны бұрынғыдан недәуір мола-лаа түскен. Көдімігі бір ауыл. Өткен-кеткенге бет сипау үшін, түстен кейін ауылдың ер жағындағы өлілер мекеніне бардық.

Өмір мен өлімнің шекарасы, жан пендесінің соңғы баспанасы, ақырғы тиянағы болған төбешіктер мұнда келген тірілерге тірліктің қадірін сөздіріп, тілсіз үң қатады.

Саны бұрынғыдан недәуір мола-лаа түскен. Көдімігі бір ауыл. Өткен-кеткенге бет сипау үшін, түстен кейін ауылдың ер жағындағы өлілер мекеніне бардық.

Өмір мен өлімнің шекарасы, жан пендесінің соңғы баспанасы, ақырғы тиянағы болған төбешіктер мұнда келген тірілерге тірліктің қадірін сөздіріп, тілсіз үң қатады.

Саны бұрынғыдан недәуір мола-лаа түскен. Көдімігі бір ауыл. Өткен-кеткенге бет сипау үшін, түстен кейін ауылдың ер жағындағы өлілер мекеніне бардық.

Өмір мен өлімнің шекарасы, жан пендесінің соңғы баспанасы, ақырғы тиянағы болған төбешіктер мұнда келген тірілерге тірліктің қадірін сөздіріп, тілсіз үң қатады.

Саны бұрынғыдан недәуір мола-лаа түскен. Көдімігі бір ауыл. Өткен-кеткенге бет сипау үшін, түстен кейін ауылдың ер жағындағы өлілер мекеніне бардық.

Өмір мен өлімнің шекарасы, жан пендесінің соңғы баспанасы, ақырғы тиянағы болған төбешіктер мұнда келген тірілерге тірліктің қадірін сөздіріп, тілсіз үң қатады.

Саны бұрынғыдан недәуір мола-лаа түскен. Көдімі

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ БОЙЫНША АУДАН МҒАЛІМДЕРІ БІЛІМДЕРІН ЖЕТІЛДІРДІ

Жуырда Ойыл ауданы ұстаздарына «Өрлеу» Біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы АҚ филиалы «Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты» мемлекеттік тапсырыс негізінде «Инклюзивті тәсілдер: білім алушылардың оқу қиындықтарын еңсеру» тақырыбында курс ұйымдастырды. Курс бағдарламасының мақсаты - білім беру ұйымдарының педагогтерінің инклюзивті тәсілдерді, бейімделген әдістемелер мен заманауи білім беру технологияларын тиімді қолдануға кәсіби құзыреттерді дамыту, барлық білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың толық қатысуын, табысты оқуын және әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз ету.

Курс жұмысына Ойыл ауданының 23 педагог қатысты. Яғни, педагогтерге диагностика жүргізу тәсілдерін, оқу мазмұнын бейімдеу жолдарын және оқытуды жекелендіру үшін жасанды интеллект құралдарын қолдануды қамтитын жан-жақты теориялық, әрі практикалық дайындық ұсынды. Бағдарлама білім беру ұйымдарының барлық деңгейлерінде жұмыс істейтін педагогтерге арналғандықтан педагогтер, ерекше қажеттіліктері бар

балаларды да қоса оқытуға арналған құралдарды өз жұмысында бірден қолдана алады. Оқыту процесінде педагогтердің белсенді қатысуын және меңгерілген тәсілдерді кәсіби тәжірибеге көшіруді қамтамасыз ететін белсенді жұмыс түрлері қолданылды. Оларға интерактивті дәрістер, семинарлар, жеке, жұптық және топтық тапсырмаларды (жобалар, кейс-стади, пікірталастар, іскерлік ойындар және педагогикалық әдістерді көрсету) орындауды көздейтін практикалық сабақтар, сондай-ақ жобаларды дайындау, кейстерді талдау және инклюзивті тәсілдерді енгізуге арналған материалдарды әзірлеуді қамтитын дербес жұмыс түрлері жатады.

Қорытынды жұмыс инклюзивті тәсілдерді интеграциялай отырып, қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және қорғауды көздеді, бұл алған білім мен дағдыларды бекітуге және оларды оқу процесінде практикалық түрде қолдануға дайындалуға мүмкіндік береді. Курс соңында қатысушыларға біліктілікті арттыру сертификаттары табысталды.

Нұрғұл ЕРМЕКОВА,
Өрлеу БАҰО АҚФ «Ақтөбе облысы бойынша ҚДИ» кафедрасының аға оқытушысы.

«МЕНИҢ ӘЛЕМІМ» ТАҚЫРЫБЫНДА АРТ – ТЕРАПИЯСЫ ӨТТІ

Ойыл аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығының жұмыс жоспарына сәйкес, орталық қатысушыларымен кездесуге арнайы шақырылған психолог, игропрактик - тренер, педагогика ғылымдарының магистрі Сәндігүл Байдуашова келіп, «Менің әлемім» тақырыбында арт-терапиясын жүргізді. Сәндігүл Базарқұлқызы орталық қатысушыларына жүргізген арт-терапиялық кездесуі барысында өзінің кәсіби шеберлігімен қатысушыларға рухани қолдау көрсетіп, шығармашылық арқылы өзін-өзі тануға бағыт берді.

Өзінің тәжірибесі арқылы әр қатысушыға деген жанашы-

лық және жылы қарым-қатынас орнатып, кездесудің жоғары деңгейде өтуіне зор ықпал етті.

Арт-терапия арқылы орталық қатысушыларының ішкі жан дүниелері ашылып, өмірге деген сенімдері артты. Психологиялық тренинг соңында орталық басшысы Жангүл Бақытжанқызы Сәндігүл Байдуашоваға шығармашылық табыс пен кәсіби қызметіне сәттілік тілеп, «Ойыл аудандық белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» ұжымы атынан алғыс хат пен естелік сыйлық табыстады. Шығармашылық арқылы өздерін таныған орталық қатысушылар көтеріңкі көңіл күйде тарқасты.

ТАНЫМДЫҚ ОЙЫН ЖАСТАРЫҢ КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТЕДІ

4 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ОЙЫЛ АУДАНЫ АҚЖАТТЫҚ ОҚУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖАСТАР АРАСЫНДА “КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ АЗАМАТ” ТАҚЫРЫБЫНДА КВЕСТ ОЙЫНЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Іс-шараның мақсаты – жастардың мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттыру, патриоттық сезімдерін нығайту және ел тарихы мен мәдениеті туралы білімдерін кеңейту. Квест барысында қатысушылар түрлі тапсырмаларды орындап, тапсырықтары мен білімдерін сынға салды. Командалар Мемлекеттік Ту, Елтаңба және Әнұранға қатысты

сұрақтарға жауап беріп, қызықты кезеңдерден өтті.

Шара жоғары деңгейде өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздігіміздің айқын белгісі, ұлттық мақтанышымыздың символы екені тағы бір мәрте насихатталды. Қатысқан командаларға алғыс хатпен бағалы сыйлықтар табысталды.

ӨНЕРМЕН ӨРІЛГЕН ЕСЕП БЕРУ КОНЦЕРТТЕРІ

ЖЫЛ САЙЫН ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АЯҚТАЛУЫ ОЙЫЛ БАЛАЛАР МУЗЫКА МЕКТЕБІНДЕ ДЕСТҮРЛІ ЕСЕП БЕРУ КОНЦЕРТТЕРІМЕН ҚОРЫТЫНДЫЛАНАДЫ.



Биыл да аудандық мәдениет үйінде өткен өнер кештері жас өнерпаздардың бір жыл бойғы еңбегін саралап, олардың шығармашылық жетістіктерін көпшілікке таныстырған тағлымды шара болды. Мектептің басты мақсаты – әрбір оқушының өнерін сахна тәрізінде көрсету, шығармашылық қабілетін дамыту және ата-аналар алдында жетістіктерін паш ету. Осы мақсатта ұйымдастырылған есеп беру концерттеріне мектептің барлық бөлімдерінің оқушылары қатысып, өз өнерлерін көрермен назарына ұсынды.

Биыл мәдениет үйі сахнасында аспаптар бөлімінің «Күмбір күйдің керуені», би бөлімінің «Маржан» ансамблінің есеп беру концерті, эстрадалық вокал бөлімінің «Дыбыс пен сезім», сондай-ақ хор бөлімінің «Шабыт сыйлаған ән әлемі» атты шығармашылық концерттері жоғары деңгейде өтті. Әр концерттің өзіндік ерекшелігі мен көркемдік шешімі болды. Домбыра, қобыз, фортепиано сыныптарының оқушылары ұлттық және әлемдік музыкалық мұраларды орындаса, би бөлімінің шәкірттері ұлттық және заманауи билер арқылы көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Вокал бөлімінің оқушылары тың репертуар ұсынып, хор ұжымы көпшілікке көтеріңкі көңіл күй мен ерекше әсер сыйлады. Барлық бөлім оқушылары жаңа сахналық костюмдармен, жаңа бағдарламалармен өнер көрсетіп, шығармашылық ізденістерінің нәтижесін танытты.

Концерттердің құрметті қонағы ретінде аудандық білім бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Гүлмира Таңжабайқызы Садақбаева қатысып, жас өнерпаздарды, ата-аналарды және ұстаздар-

ды құттықтады. Сонымен қатар, білім беру мен өнер саласындағы жемісті еңбегі үшін бірқатар педагогтерді Алғыс хаттармен марапаттады. Биылғы оқу жылы музыка мектебі үшін ерекше маңызға ие болды. Өнер ордасынан 34 түлек қанат қағып, үлкен өмірге жолдama алғалы отыр. Концерттер барысында түлектерге құрмет көрсетіліп, олардың мектеп өміріндегі белсенділігі мен жетістіктері атап өтілді. Ал түлектерге куәліктерді салтанатты түрде табыстау рәсімі маусым айына жоспарланып отыр.

Өнер жолындағы жетістіктердің артында әрдайым ата-аналардың қолдауы тұрасты белгілі. Сондықтан концерттердің бірінде өнерлі балаларды тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін ата-аналар марапатталса, енді бірінде түлектер мен үздік оқушыларға құрмет көрсетілді.

Бұл игі дәстүр ата-ана, ұстаз және оқушы арасындағы байланысты одан әрі нығайтып, шығармашылық ортадағы өзара қолдаудың жарқын үлгісіне айналды. Бүгінде Ойыл балалар музыка мектебі жас ұрпақтың бойына өнерге деген сүйіспеншілікті қалыптастырып, олардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Жыл қорытындысындағы есеп беру концерттері – ұстаздардың қажырлы еңбегінің, оқушылардың талпынысының және ата-аналардың сенімі мен қолдауының нәтижесі. Өнермен өрілген бұл кештер көрермендердің жүрегінен орын алып, жас таланттардың болашақта да биік белестерді бағындыратынына сенім ұялатты. Өнерге қанат қаққан шәкірттердің жетістігі – мектеп ұжымының ортақ мақтанышы.

БРУЦЕЛЛЕЗ

ҮЙ ЖӘНЕ ЖАБАЙЫ ЖАНУАРЛАРДЫҢ КЕЙБІР ТҮРЛЕРІНДЕ БОЛАТЫН СОЗЫЛМАЛЫ ТҮРДЕ ӨТЕТІН АДАМДЫ ЗАҚЫМДАЙТЫН ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ. БРУЦЕЛЛАЛАР-АЛТЫ ТҮРГЕ БӨЛІНЕТІН - ҰСАҚ КОККО БАКТЕРИЯЛАР. БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ КЕЗІНДЕ - ІШ ТАСТАУ, ШУДЫҢ ҰЗАҚ УАҚЫТ ТҮСПЕУІ, ЭНДОМЕТРИТ, ЖАЛПЫ ЖАЙ КҮЙІНІҢ НАШАРЛАУЫ КӨРІНІС БЕРЕДІ.

Созылмалы түріне ауысқан кезде іш тастау болмай, ауруды тасымалдаушы жұқтырушы болып қала береді. Бруцеллезге сезімтал қой-ешкі, іріқара, шошқа, түйе, жылқы, ит-мысық және жабайы жануарлар т.б. Жас төлдер жыныстық толысуға дейін бруцеллез ауруына төзімді болып келеді.

Бруцеллез бактериясы көші-қон қасиетіне ие, яғни кәдімгі өзінің иесінен басқа жануардың түріне берілуіне қабілетті.

Мысалы қой-ешкінің Brucella melitensis бактериясы мүйізді ірі қара мен шошқаларға тез жұғады. Бруцеллез сыртқы ортада өте төзімді. Олар ылғалды топырақта және суда 2-3 ай, 11-13 С температурада 4-5 ай, сүзбе-ірімшікте 70 күнге дейін, мұздалған етте 30 күннен жоғары, қора ішінде көңде 4-5 ай айдан жоғары уақыт сақталады.

Бруцеллелер жоғарғы температурада және дезинфекциялық заттар әсеріне сезімтал. Қайнатқан кезде бруцелла таяқшалары тез жойылады. Дезинфекциялық ертінділер тобындағы хлор және карбол қышқылының әсерінен тез өледі.

Бруцеллез бактериялары ауру жануарлардың төлдеуі кезінде бөлінетін сұйықтықтармен, сүтпен, аталық ұрғымен, нәжісімен бөлініп сыртқы ортаны ластайды. Бруцелла сау жануарлардың ағзасына түскеннен кейін 1-3 аптада жасырын кезеңде болып без түйіндерінде (жұтқыншақ, тіл, мойын бездерінде) тез көбейеді. Үш аптадан кейін түйіршік қалыптасу басталып без түйіндерінен қан айналымына келіп қан ағысы арқылы бауырға, көк бауырға, жілік майына келіп түседі. Осыған орай, ауру өте жіті септикалық сипатта ие.

Сол себептен әрбір 21 күн сайын жануарлардан қан сары суын алып, шектеу кезінде салықтыру жүргізіледі. Бруцеллезбен ауырған жануарлар ермделмейді, тек санитария-

лық сою жүргізіледі.

Бруцеллез адамға әртүрлі жолмен - малды күтіп баптау, көңін шығару, төлдеу және ауру жануарлардың ет-сүт өнімдерін ветеринариялық талаптарды сақтамай пайдалану кезінде жұғады. Ауданымызда қазіргі уақытта бруцеллез ауруы бойынша эпизоотиялық жағдай күрделі.

Соның ішінде мүйізді ірі қара малы арасында - Ойыл, Көптоғай, Ш.Берсиев атындағы, Саралжын ауылдық округтерінде, ұсақ мал арасында Көптоғай, Ойыл ауылдық округтерінде жиі кездесіп тұр.

Әрине аурудың етек алуына бірнеше факторлар әсер етеді. Малдың арнайы бір бағыттарда ұйымдасып бағылмауы, қаңғыбас иесіз иттердің көбеюі, іш тастаған уақытта мал дәрігерлерге хабарламау, оны бөлмеу, қан алдыру кезінде іш тастаған малды жасырып қалу, залалсыздандыру жұмыстарына қораларды тазартып дайындамау т.б.


Шаруашылықтарда және жеке аулаларда басқа жақтан әкелген мал басын міндетті түрде мал дәрігерлеріне хабарласып, карантинге алу. Қолдағы бар малды ауданның ветеринариялық жоспарына сәйкес жылына екі мезгіл қан сынамасын алдырып диагностикалық зерттеулерден өткізу және қора жайларға залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу, малдың бағылуын қамтамасыз ету арқылы алдын алу қажет. Бруцеллез ауруына қарсы иммунитет қалыптастыру үшін бізде елімізде вакцина егуге рұқсат етілген қой-ешкі ұсақ малға Rev-1 штаммынан дайындалған тірі вакцина, мүйізді ірі қара малына РВ-51 вакцинасы қолданылады. Өрине вакцина егу үшін есептік пен өзіндік талаптарын сақтау маңызды.

Ө. ҚОЖАҒАЛИЕВ,
Ойыл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.



“ҚАЗПОЧТА” АҚ АРҚЫЛЫ

2026 ЖЫЛДЫҢ ІІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!



ОҚЫҢЫЗ, БІЛІҢІЗ, ҮЛЕС ҚОСЫҢЫЗ!

ИНДЕКС	ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ	6 АЙ	12 АЙ
65525	Жеке тұлғаларға	4170,60 тт	8341,20 тт
66525	Заңды тұлғаларға	5850,60 тт	11701,20 тт
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	3690,24 тт	7380,48 тт

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:

2-19-02 (РЕДАКЦИЯ)
2-19-98 (“ҚАЗПОЧТА” АҚ)



ЖАСТАР МӘСЛИХАТЫНЫҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ ЖАСАҚТАЛУДА

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ 3 МАУСЫМЫ КҮНІ АУДАНЫҚ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҒЫНДА ОЙЫЛ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАУШЫЛАРМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ НЫҒАЙТУ БАҒЫТЫНДА ЖАС МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫН ЖАСАҚТАУ МАҚСАТЫНДА ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ.



Кездесуге аудандық мәслихатының төрағасы Сәкен Займоғдин, аудандық мәслихат зейнеткері Берік Бисекенов, мемлекеттік қызмет саласының ардагері Болат Бақтыгереев және аудандық депутаттық депутаты Жангүл Ізғарина қатынасты. Кездесудің негізгі мақсаты жастардың әлеуметтік мәселелерін, мүдделерін мен құқықтарын қорғау. Ауданның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық

дамуына қатыстыру. Мемлекеттік бағдарламалар мен көрсетілетін қызметтер бойынша жастар арасында ақпараттық – насихаттық шараларды жүргізуге үлес қосу.

Білікті, белсенді жастарды тәрбиелеп жастар кадр резервін қалыптастыру. Кездесуде Жастар мәслихатының мүшелерін қалыптастыру үшін әрбір ауылдық округтен 18-35 жас аралығындағы жастар ұсынылды.

ШЕГІРТКЕМЕН КҮРЕС – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІН ҚОРҒАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ

ШЕГІРТКЕ – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ЕЛЕУЛІ ЗИЯН КЕЛТІРЕТІН АСА ҚАУІПТІ ЗИЯНКЕСТЕРДІҢ БІРІ. ОЛАР ЕГІСТІК АЛҚАПТАРДАҒЫ ДӨНДІ ДАҚЫЛАРДЫ, ШАБЫНДЫҚ ПЕН ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕРЛЕРДІ ЗАҚЫМДАП, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҮЛКЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШЫҒЫН КЕЛТІРЕДІ.

Сондықтан шегірткелердің таралуын дер кезінде анықтап, оларға қарсы тиімді күрес шараларын ұйымдастыру маңызды.

«Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Ойыл аудандық филиалы мамандарының 2025 жылғы күзгі мониторинг тексеру жұмыстарын GPS навигаторларына түсіру арқылы, Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының өсімдік қорғау жөнінде іс-шаралар жұмысы барысында 2026 жылға италия шегірткесінің дернәсілдеріне (итальяндық прус) қарсы Ойыл ауданы бойынша 56500 гектар жер, оның ішінде жермен - 46500 гектар, әуемен – 10000 гектар жер жоспарланды.

Ауданда мамыр айының екінші он күндігінде химиялық өңдеу жұмыстары басталды. Қазіргі таңда ауылдық округтердің әкімдіктері бөлген бақылаушылар және жергілікті атқарушы орган қызметкерлерін мониторингтік жұмыстарына қатыстыра отырып, шегірткеге қарсы химиялық

өңдеу іс-шаралары әр ауылдық округте жалғасып жатыр. Бұл маусымдық жұмысқа мамыр-маусым айлары аралығында «Ақтөбе Құнарлылық» ЖШС-нен 1 дана аэрозольді генератор техникасы, «Магтоксин» ЖШС-нен 2 дана ГАЗ -66, «Бағжан» АО-нен 4 дана жер үсті желдеткіш бүріккіш техникасы, «АЭРО авиакомпания» ЖШС-нен 1 дана жеңіл өуе ұшағы және 1 дана ұшқышсыз ұшу аппараты (дрон) жұмылдырылды. Фитосанитариялық мақсаттағы жоғары тиімді пестицидтер Гунсюо 10% к.э., Инсегар к.э., Имидашанс, ВРК препараттары қолданылуда.

Әсер ету нәтижесі өте жоғары.

Шегірткелерге қарсы күрес шараларын ұйымдастыру мақсатында аудан әкімінің орынбасары төрағалығымен жедел штабтар құрылып, қазіргі уақытта штабтар штаттық режимде жұмыс істеп, жүргізіліп жатқан іс-шараларға тұрақты бақылау жасалуда.

Б. АБДУЛЛИН,
Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының басшысы.